

Палтөре Ықтияр
**Абай Құнанбайұлының
«Жетінші сөзін» діни мәтіндер
аясында талдау**

Paltore Yktyyar
**Analysis of the «Seventh word»
Abay in the light of religious texts**

Палтөре Ықтияр
**Анализ «Седьмого слова»
Абая Кунанбаева в свете
религиозных текстов**

Мақалада Абай Құнанбайұлының «Жетінші сөзі» талқыға түседі. Талдау барысында жетінші сөзде айтылған негізгі ой-толғамдардың діни мәтіндермен сабақтасатындығы алға тартылады.

Түйін сөздер: хакім Абай, тән құмарлығы, жан құмарлығы, имандылық, діни мәтін.

The article discusses the «Seventh word» Abay. The analysis focuses on the fact that the main ideas of the seventh word intertwined with religious texts.

Keywords: Abay Kunanbayev body passion, the passion of the soul, faith, religious texts.

В данной статье обсуждается «Седьмое слово» Абая Кунанбайұлы. В ходе анализа делается акцент на то, что главные идеи седьмого слова взаимосвязаны с религиозными текстами.

Ключевые слова: Абай Кунанбайұлы, страсть тела, страсть души, вера, религиозные тексты.

**АБАЙ
ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ
«ЖЕТІНШІ СӨЗІН»
ДІНИ МӘТІНДЕР
АЯСЫНДА ТАЛДАУ**

Абайдың жетінші сөзі текстологиялық тұрғыдан қатты өзгеріске түспеген шағын мәтіннен тұрады деуге болады. Нақтырақ айтсақ, «...жетінші сөз алғаш рет ақынның 1933 жылы жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында аздаған текстологиялық өзгеріс кездеседі. 1977 жылғы жинақта 3-абзацтың орта тұсындағы «көзбен де жақсы қарамадық» деген тіркес 1910 жылғы қолжазба бойынша «көзбен қарамадық» деп қабылданған» [1, 335].

Абай Құнанбайұлы жетінші сөзін адамзат баласының алғаш дүниеге келген сәтіндегі талпынысына көңіл аударта отырып, адамның тән менен жан арасындағы байланысын түсіндіруге арнайды. Дәлірек айтсақ, хакім Абай: *«Жас бала анадан туганда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демекілік. Не көрсе, соған талпынып, жалтыр жылтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, сырнай керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержеткіңкірегенде, ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да, тұра жүгіріп: «Ол немене?», «Бұл немене?» – деп, «Ол неге үйтеді?», «Бұл неге бүйтеді?» – деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген...»* [2, 286], – деп қарапайым тыңдаушыға түсінікті мысалдар келтіре отырып, адамзат баласының жаратылысын, болмысын дұрыс тануға бағыт-бағдар береді. Адам баласы дүниеге келген сәтінен бастап, тәннің, дененің өсіп жетілуі, қуаттануы үшін оның ішіп-жемге, белгілі уақытта тынығып ұйықтауға мұқтаж екендігін алға тартады. Осылайша егер *«...бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды...»* деген тұжырым жасайды. Яғни, тән жанға жағдай жасайды деген пікір айтады. Осы тұста көңіл аудартатын маңызды мәселенің бірі – хакім Абай тән менен жан арасындағы қатынасты түсіндіргенде «қонақ үй» тіркесін қолданғандығы. Басқаша айтқанда, жанның денеде «қонақ» болатындығын, ал тәннің оған қонақ үй іспеттес екендігін айта отырып денеде жанның уақытша тұрақтайтындығын, оның өлетіндігін меңзейді. Осы жан мен тәнге байланысты пікірін Абай өлең жолдарында да

паш етеді. Мысалы, *«Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі, // «Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі. // «Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, // «Менікі өлсе өлсін, оған бекі. // Шырақтар, ынталарың «менікі де», // Тән құмарын іздейсің күні-түнде, // Әділеттік, арлылық, махаббат пен – // Үш жолдасың қабірден әрі өткенде. // Адам запыл дүниені дер «менікі», // «Менікі» деп жүргеннің бәрі оныкі. // Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде, // Соны ойла, болады не сенікі?»* деп жетінші сөзінде айтылған ой-толғамын қуаттай түседі. Осы өлең жолдарындағы *«Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде»* деген пікір жетінші сөзде *«қонақ үй»* тіркесімен ішкі мағынасы толықтай үндесіп, негізгі ой-толғам, түсінікке балама сөз ретінде көрініс тапқан дей аламыз. Бұл пікірімізді хакім Абайдың *«...Ажал келіп, бас салса, жанды ұрласа, // Өмір қайда, сен қайда, – соны да ойлан»* деген өлең жолдары да дәлелдей түседі.

Діни, Құран және хадис мәтіндерінде адамзат баласының жаратылысы, тәні мен жаны туралы баяндалғанда көп жағдайда «нәпсі» сөзі қолданылады. Адамның болмысы мен мәні осы нәпсі ұғымымен мәндес қарастырылады. Хакім Абай да бір өлеңінде *«Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен...»*, – деп адамды нәпсі ұғымымен түсіндіреді. Негізі Құран мәтінінде «нәпсі» сөзі біз сөз етіп отырған «жан» сөзіне балама ретінде беріледі. Бұл сөздің көпше түрі арабша *«әнфус»* үлгісінде қолданылады. Енді сөзімізге дәйек ретінде *«Өлер уақытта әнфусты (Адамзат баласының жандарын) Алла алады»* (3, 39:42); *«Әрбір нәпсі (жан иесі, адам баласы) өлімнің дәмін татады»* (3, 3:185), – деген мағынадағы Құран аяттарын келтіруге болады.

Осы орайда тағы бір айтылуы тиіс маңызды мәселе діни мәтіндерде Абай ұғымындағы «тән құмарлығы» нәпсі сөзінің түсінігі аясында беріледі. Нәпсі сөзі қазақ тілінде «өз», «мен» деген ұғымды бере алады. Бұған дәлел Құран мәтініндегі кейбір аяттарда нәпсі сөзі «адамның өзі» деген мағынада қолданылғандығы. Нақтырақ айтсақ, Құранда: *«...Нәпсіге (адамға, кісіге) және оны толықтағанға, сонда оған жамандық әрі тақуалық қабілетін бергеннің атына серт. Расында нәпсісін (өзін) тазартқан адам құтылды...»* (3, 91:7,8,9); *«Уа, иман келтіргендер! Сендер нәпсілеріңді (өздеріңді) түзелтулерің керек...»* (3, 5:105); *«Біреу игілік үшін күрессе, сөзсіз ол нәпсісі (өзі) үшін күреседі...»* (3, 29:6) – делінеді.

Нығыздап айтқанда, діни мәтіндер аясында адам мәселесі *«нәпсі»* ұғымымен астарласып түсіндіріледі. Құранда нәпсінің *«әммара»*,

«ләууама», *«мутмайнна»* деген бірнеше түрі баяндалады. Біз бұған дейін «Абайдың өзін-өзі танымақтық идеясы және Құрандағы нәпсі категориясы» атты тақырыпта арнайы мақала жазғандықтан нәпсі категорияларына тоқталмаймыз. Тек осы орайда, Құран Кәрімде жанға қатысты: *«...(Уа, Мұхаммед!) Олар сенен рух (жан) туралы сұрайды. «Ол, Раббымның әмірінен. Сендерге өте аз мәлімет берілді» де...»* (3, 17:85), – деген мағынадағы аяттың да кездесетіндігін еске сала кетуді де жөн санаймыз. Осылайша тұжырымды ой ретінде діни мәтіндерде адам – нәпсі ұғымыменен, рух – жан ұғымымен бірге, бір бүтін ретінде қарастырылады деген түсінікті алға тартамыз. Жоғарыдағы мысалдардың негізінде мұндай түсінік Абай дүниетанымына да жат емес дей аламыз.

Абай Құнанбайұлының ой-толғамдарында тән менен жан адамзат болмысын құрайды. Бұл екеуінің де өз қажеттері болады. Мұны хакім Абай мінезбен байланыстыра отырып, құмарлық деп түсіндіреді. Осылайша адам бойындағы құмарлықты тән құмарлығы және жан құмарлығы деп екіге бөліп қарастырады. Адамның адам болуы оның жан құмарлығына, қалауына көңіл бөлуменен, оны дамытуменен болатындығын, ал бұлай болмаған жағдайда адамның адами қасиеті дамымайды, тіпті адам атауына сай бола алмай қалады деген пікірді алға тартады. Мұны хакім Абай: *«...Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгендеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Әзелде Құдай Тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі, «Бұл немене, ол немене?» – деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?»* [2, 286], – деп өз тыңдарманына ой салу тәсілі арқылы түсіндіреді де: *«Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиган қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді»,* – деген тұжырым жасайды. Жан құмарлығы білуге деген, яғни ғылым-білімге деген ынтықтық, көңіл қалауы деп ой түйген Абайдың бұл пікірі *«Сыналар, ей, жігіттер келді жерің, // Сәулең болса, бермен кел талапты ерің. // Жан құмары*

дүниеде немене екен? Соны білсең, әрнені білгендерің» деген жұмбақ өлеңінде де көрініс табады.

Абай Құнанбайұлының ой-толғамдарындағы жан құмарлығына қатысты абайтанушы ғалым, профессор М. Мырзахметов: «Жан құмары сөзі терең мәнге ие философиялық ұғымды білдіреді. Жетінші сөзінде де тән құмары мен жан құмарын салыстыра отырып, баланың өзін қоршаған дүние сырын білсем екен деген табиғи тілегіне терең мағына бергендіктен, дүниенің көрінген әрі көрінбеген сырын танып-білуде, ең болмаса біртіндеп екшей танып-білуге ұмтылған жан құмары арқылы Абай дүниенің танымалдылығын жақтайды. Дүние сырын танып-білуде жан құмары зор мәнге ие болғанда ғана хайуан жанынан адам жанына айнала алмақ...» [1, 240] – деген түсіндірме жасайды.

Адам бойындағы жан діни дүниетаным бойынша «Алланың нұрынан пайда болып, оның ғана әмірімен адамның тәніне тіршілік бітіретін рух» [4, 709], – деп түсіндіріледі. Профессор Ә. Қайдар: «...адамның жаны – бір сөзбен айтып түсіндіруге болмайтын өте күрделі құбылыс» дей келе, қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі жан сөзіне берілген анықтамаларды келтіре отырып: «...«жан» ұғымының қазақ болмысында мағына-мазмұнын, қолданысауқымын, негізгі қасиеттерін түгел қамтып тұр деп айтуға болмайтын сияқты. Өйткені адам жанына байланысты діни, әлеуметтік, этнолингвистикалық, философиялық ұғымдардың ауқымы бұлардан әлдеқайда кең, сан қырлы, сыры мол, терең дүние. Оларды нақтылы тіл деректеріне сүйеніп қана анықтауға болатын сияқты. Жер бетіндегі тірі жан, тісті бақаның бәрінде де жан бар. Адам жанының бұлардан айырмашылығы жан тұрғанда тән де ақыл-парасат, ой, сана, сезім болуында» [6, 51], – деп ой түйеді. Осы түсіндірменің негізінде біз адамзат баласы рух, жан және тән тұтастығын сақтай отырып, адам бойындағы ақыл-ой, сана, парасат, сезім қабілеттерін дамыта алады дей аламыз. Адам жаны осы тұрғыдан ерекшеленеді. Бұл пікірді Абайдың: «...Малда да бар жан мен тән, // Ақыл, сезім болмаса. // Тіршіліктің несі сән, // Тереңге бет қоймаса!...» [2, 165], – деген өлең жолдары қуаттай түседі.

Адамзат баласының дүниеге келген сәтінен бастап-ақ сезім мүшелері арқылы кез келген затқа құштарлық танытуы, ақыл-есі кірген сайын зиянды нәрселерден қашу, олардан қорқып, қорғану сезімдері нәпсіге тән сипаттар. Адам баласы нәпсі, құмарлық арқылы өзін қоршаған ортаны, әлемді тани алады. Қоршаған ортаны

тануға деген құштарлық түптің түбінде адамның өзін өзі тануына ықпал етеді. Адам өзін-өзі тану арқылы жаратқан Иесін тани алады.

Профессор Д.Раев: «...қазақ би-шешендері жанды – дененің тіршілік ету қабілеті ретінде мойындаған. Жан арқылы ғана адам тәні шынайы тіршілікке ие болады. Адам жанының бүкіл басқа тірі мақлұқтың жанынан айырмашылығы сонда, адам жаны тек рухпен біріккенде ғана тіршілік қабілетіне ие болады дейтін пікір бар...» [7, 110], – дейді. Шынында да рухани құндылықтардың адам баласының адам болып қалыптасуына, толысып, жетілуіне беретін маңыздылығы мол. Адамның бақытты болуы, бостандығы оның бай-дәулеттілігімен емес, негізінде рухани байлыққа байланысты болатындығы ақиқат. Рухани байлықты әр дәуірдегі пайғамбарлардан, ізгі-жақсы, дана-хакім тұлғалардан қалған асыл мұра ретінде қабылдауға болады. Рухани байлық пайдаланғаннан ол азаймайды, қайта артып, кемелденетүседі. Рухани байлыққа қоғам мүшелерін саналы етеді, парасатын арттырады, адамды адамгершілік биігіне көтереді. Дос-жаранды көбейтеді, көп адаммен пікірлес, мұңдас етеді. Ал материалдық байлық көреалмаушылықты, қызғаншақтықты, дұшпандықты арттырады. Рухани байлық жан дүниені байытады, ақылмен іс жасап, орынды пікір айтуға ықпал етеді. Ал материалдық байлық көкжиегіңді шектеп, адамды бұзады, мақтаншақ етеді, бірте-бірте астам сөйлеуге, тіпті қылмыстық іс-әрекеттер жасауға дейін итермелеуі бек мүмкін. Сондықтан әрбір жан рухани байлықтың пайдалы тұстарын жіте түсініп, оны өз бойына сіңіре білуге ынталы, ықыласты болуы сөзсіз оны жоғары адамгершілік жолына бағыттайды. Толығып, жетілу жолына түскен адам әрбір ісін ақыл таразысына салып, жоспарлы түрде іс жасайды, парасатты болуға талпынады. Өйткені ақылмен іс жасау қабілеті адамға ғана берілген. Олай болса, адамдық болмысқа сай әрекет ету «Адам» атына сай болумен мазмұндас жатыр деп тұжырымдауға болады. Бұл тұжырым хакім Абайдың жетінші сөзіндегі «...Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады...» деген пікірімен де сабақтасып жатыр. Осы айтылғанға мазмұндас пікірді Абай өз замандастарының білімсіздік, ақылсыздық деңгейін сынға алып, «Өздерің де ойлаңдар, // Неше түрлі жан барсың. // Ғылым да жоқ, ми да жоқ, Даладағы аңдарсың...» [2, 92], – деп өлең түрінде жырлағанын аңғаруға болады. Осылайша Абай жетінші сөзінде қолданған «хайуан» сөзіне синоним сөз ретінде «аң» сөзін алмастырып

пайдалану арқылы бір ойды жеткізетіндігіне куә боламыз.

Абай Құнанбайұлы «*Жүректе қайрат болмаса*» деп басталатын өлеңінде: «...*Атымды адам қойған соң, // Қайтіп надан болайын?*» [2, 165], – деп көпшілікке өзінің білуге, ғылым-білімге деген талпынысын «Адам» атауымен байланыстыра түсіндіреді. Яғни, жетінші сөзінде айтылған жан құмарлығы арқылы адам атына сай болатындығын жаңа бір қырынан түсіндіруге талпынса, енді бір өлеңінде «*Бес нәрседен қашық бол, // Бес нәрсеге асық бол, // Адам болам десеңіз...*», – деп ой түйеді. Осылайша Абайдың ой-тұжырымында адамдық қасиет парасаттылық түсінігімен астарласып кетеді. Парасаттылық – адамның жеке басының, кісілігінің, ақыл-ойының, мінез-құлқының жетіліп кемелденуі. Олай болса, алды-артын ойлап, оңын-солын біліп, пайда-зиянын ажырата алатын, әр нәрсені ақылдың, білімділіктің күшімен жеңе білетін салиқалы адамды парасатты кісі деуге болады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне жүгінсек, «парасатты» сөзіне ақылды, ойлы, білімді, зерделі деген түсініктеме берілген, ал «парасаттылық» сөзіне адамға тән ойлылық пен ақылдылық, білімділік пен байыптылық, байсалдылық деген түсініктеме беріледі [8, 306]. Бұл түсініктемелер біз алға тартып отырған тұжырымды қуаттай түседі. Яғни, адам бойындағы ақыл мен ой – парасатты адамның қаруы іспетті. Парасатты адамның басты тірегі – ақыл-ой деген пікірді әрі қарай дамытсақ, ақыл-ой парасатты адамның бойындағы білімі, санасы, әрі сезімімен бірге оның адамдық қасиетін қалыптастырады. Яғни ақыл-ой адамның адамдық мәнімен астарласып кетеді. Адамның іс-әрекеті көп жағдайда оның өмірлік тәжірибесіне, яғни біліміне негізделеді. Әрбір адамның көріп, біліп, үйренген жалпы өмір сүру арқылы жинақтаған тәжірибелері оған жаңа бір ой салып, ақыл кеңес береді. Оның алдағы өміріне бағыт-бағдар ұсынады. Адамның ақыл-ойы оқып үйрену, білуге деген талпынысы, Абай түсінігіндегі білсем, көрсем, үйренсем екен деген жан құмарлығы арқылы дамитыны даусыз. Адамның ақылды болуын оның көрген-білгенді, оқып үйренгенді, өмірлік тәжірибесін ой елегінен өткізіп, оны үнемі сарапқа салып отыруымен байланысты қарастыруға болады. Бұл айтылғандарды Абайдың: «...*Оқыған, білген – білген-ақ, // Надан – надан-ақ сан қылса, // Оқыған білер әр сөзді, // Надандай болмас ақ көзді. // Надан жөндіге жөн келмей, // Білер қайдағы шәргезді. // Надан қуанар арсаңдап, // Таңырқап тұра қалсаңдар. // Татымды ештең*

болмас, // Адамсып, босқа талтаңдар. // Ақыл жоқ, қайғы жоқ онда, // Ісі жоқ теріс пе, оң ба...» [2, 65], – деген сияқты өлең жолдарының мән-мазмұнынан да аңғаруға болады. Осындағы «Адамсып, босқа талтаңдар», – деген өлең жолы біз талқыға салып отырған жетінші сөзіндегі «Адам» атауына қатысты берілген түсінікпен сабақтасып жатқандығының тағы бір дәлелі. Мұндай дәлелдерді көптеп келтіруге болады. Мысалы, Абай он тоғызыншы сөзінде: «*Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілерді айтқан сөздерін ескеріп, жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады...*» [2, 298], – деп адам атауына тағы бір анықтама береді. Түйіндеп айтқанда, адам болу үшін тәнді жанға бағындыру қажет. Осы жағдайда ғана адам өмірінің құндылығы арта түседі. Хакім Абай өз замандастарына «*Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізден билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, еш нәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын, «қалай болады» деп көңілге салмадық, «Оны білмеген кісінің несі кетіпті», – дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің – өзіңе, өз білгенім – өзіме», «Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол деген», – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса, ұқпаймыз...», – деп қате түсінікті түзетпек болып, кемшілікті тура айтып, қынжылады. Осылайша жанды тәнге бағынышты етудің дұрыс еместігін алға тартады. Бұл тұжырым Абай Құнанбайұлының жетінші сөзінің өзегі іспеттес. Жанды тәнге бағынышты етудің басты себебін көңілде сенімнің, көкіректе сәуленің жоқтығымен байланыстырады. Абайдың өз сөзімен айтсақ, «*Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ*» деп ой түйеді. Осы мәндес ойды Абайдың «*Сәулең болса, кеудеңде, // Мына сөзге көңіл бөл. // Егер сәулең болмаса, // Мейлің тіріл, мейлі өл. // Танымассың, көрмессің, // Қаптаған соң көзді шел...*», – деген өлең жолдарынан да аңғаруға болады.*

Хакім Абай жетінші сөзінің соңын: «*Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр*

көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде, жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен адамның баласы екенбіз. Осы күннен хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп те таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымыздың білімділікке бермей таласқанда, өлер тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз», – деп өз тыңдармандарына насихат айтумен аяқтайды. Осында айтылған ой-толғам түсініктері Абайдың: «Көзінен басқа ойы жоқ, // Адамның надан әуресі. // Сонда да көңілі тым ақ тоқ, // Жайқаң-қайқаң әр несі. // «Білмейсің», – десе, желөкпе // дейді: «Ол дағы Тәңірі ісі». // Бірінен бірі бөлек пе // Иемнің әділ бөндесі? // Жүректің көзі ашылса, // Хақтықтың түсер сәулесі. // Иштегі кірді қашырса, // Адамның хикмет кеудесі...» [2, 101], – деген өлең жолдарында да паш етіледі. Осылайша Абай адамдықтың бір ұшын имандылық мәселесімен сабақтастырады. Иmandылықтың бастауы – сенім мәселесінде. Мұны Абай «көңілде сенім жоқ», – деп түйіп айтады. Сенімнің бастауы – Жаратқанды тану. Жаратқанды тану, әрі Оған сену – имандылықтың басты қағидасы. Бір Аллаға сенген адам жаман қылықтардан барынша бойын аулақ ұстауға талпынады. Себебі, ол ең алдымен өзі жасаған жаман қылықтары үшін Жаратушы Иеден ұялуға тиіс. Бұл оның имандылығының бір өлшемі іспеттес. Бұған Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) имам әл-Бұхариден жеткен хадистерінің бірінде: «...Ұят иманның бір бөлігі» деген сөзі дәлел бола алады. Осыны негізге ала отырып, иманжүзді адам – тұла бойында имандылық қасиеттері толық сіңіскен адам деп түсіндіруге болады. Себебі, имандылық қасиеті адамның ішкі жан-дүниесінің тазалығын сақтап, оның ой-өрісін кеңейтіп, элеуметтік белсенділігінің артуына әсер етеді. Иmandы адам бұл дүниені, күнделікті тұрмыс-тіршілікті сынақ ретінде қабылдағандықтан өмірді барынша пайдалы өткізуге талпынады. Ізгі-жақсы істерді орындауға тырысып бағады. Өйткені ол бұл дүние үшін емес, бұл дүниеден кейінгі о дүниелік мәңгілік өмір (ақырет) үшін еңбектенеді. Бұл еңбек – тағат-ғибадат саналады. Осы орайда Абайдың жиырма сегізінші сөзінде айтқан «...Әрбір ақылы бар кісіге – иман парыз, әрбір иманы бар кісіге – ғибадат парыз екен...» [2, 309], – деген ұлағатты сөзі еске түседі. Негізі «имансыз» сөзі халық ұғымында көп жағдайда арсыз, ұятсыз, азғын, оңбаған деген сөздермен мәндес қарастырылады. Шынында еш нәрсеге сенбейтін, сиынбайтын, ешбір ізгі-жақсылықты

мойындамайтын адамнан өткен қауіпті жан бола ма?! Халық арасында «Құдайдан қорықпағаннан қорқ» деген сөз босқа айтылмаған. Адамды хайуандық дәрежесіне түсірмейтін негізгі күш-қуаттың бірі сенім, яғни имандылық өлшемі екендігі даусыз. Көңілде сенім болса, көкіректе сәуле болады. Сондықтан сенім адам өмірінің ажырамас бір бөлігі болуға тиіс. Себебі, адамзат баласының жан-жануар, тіршілік атаулыдан басты айырмашылықтарының бірі олар сияқты ішіп-жеп, ұрпақ қалдыру мақсатында ғана өмір сүру емес, бұған қоса, бір нәрсеге сеніп, сиынып өмір сүру. Ақиқатында адам баласының болмысы, жаратылысы осыны талап ететіндей. Құран Кәрімде Алла Тағала: «...Жын мен адамзатты Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым» (3, 51:56), – деп баян етеді. Бұл да бізге ой салады. Шынында, адамның бір нәрсеге сеніп, Оған сиынып өмір сүруі оған рухани күш-қуат береді. Жалпы сенім адам өмірін жеңілдететіні талас тудырмаса керек. Ал ешбір сенімсіз өмір сүру адамзат баласына көптеген ауыртпалық алып келеді. Өйткені қиыншылыққа не болмаса бір сәтсіздікке ұшыраған адам бұл кедергіні Жаратқанға деген сенімімен жеңе алады. Келер күнге үмітпен қарап, Жаратқанға жалбарынып, Одан көмек сұрап, Оны медет тұтады. Жаратқанға деген шынайы сенім мен терең түсінік, білімнен бастау алады. Сенім білімнің қанаты болса, білімсіз сенім – бос қиял ғана. Ғылым-білім, білсем, көрсем, үйренсем деген жан құмарлығы адам баласын өз Жаратушы Иесін дұрыс танып-білуге себепші болады. Ол адамға рухани күш-қуат беріп, оған рақаттық сезім сыйлайды.

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлы жетінші сөзінде адам баласының туылған кезінде оның бойындағы тән құмарлығы мен жан құмарлығы тең болатындығы айтылады. Бірақ уақыт өте келе, тәнге күш-қуат енген соң, адам баласы ержеткен сайын бойындағы жан құмарлығына көңіл аудармай, оның сұранысын қанағаттандырмай, тән құмарлығын бірінші орынға қояды. Бұлай ету адамдық қасиетті жояды. Адамды хайуан дәрежесіне түсіреді деген тұжырым жасайды. Сондай-ақ Алла Тағала адамзат баласын хайуан атаулыдан артық етіп жаратқандығын алға тартады. Бұл айтылған пікір Құран аятымен мәндес. Нақтырақ айтсақ, Құранда: «Расында адамзатты көркем бейнеде жараттық. Сосын оны төмендердің төменіне қайтардық. Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер басқа. Оларға таусылмас сыйлық бар...» (3, 95:4,6), – деген мағынадағы аяттар кездеседі.

Осындағы «Сосын оны төмендердің төменіне қайтардық», – деген аятта адам баласы өзінің нәпсі қалауларына Абай сөзімен айтсақ, тән құмарлығына ғана ерік беруі оның тозақтың түбіне түсуіне себеп болатындығы баяндалады. Ал иман келтіріп, өмірдің мәнін түсініп, осы өмірдегі өзінің міндетін дұрыс орындап, ізгі істерді жасауы, яғни жан құмарлығын дамытуы оны таусылмайтын сыйлыққа кенелтеді.

Сөздікте: «Имандылық» сөзі Алла Тағалаға иман еткен адамға біткен көркем мінез. Мұсылмандық дүниетаным бойынша имандылық иманнан пайда болады» деумен қатар бұл сөздің «адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі» [8, 242] деген анықтама беріледі. Бұл дегеніміз біздің ұлттық дүниетанымымызда адамгершілік ұғымымен бірге әдептілік, сыпайылық, ізеттілік кісілік сияқты ізгі-жақсы қасиеттерді бірге қарастырылатындығы. Яғни ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, шыншыл әрі әділ болу, сондай-ақ адамның көпшілік алдында өзін-

өзі ұстай білуі сияқты т.б. осы сынды әрбір адамға қажетті қасиеттер ұлттық санамызда жомарттық, батылдық, шыншылдық, сыпайылық, көрегендік, ақылдылық, әділдік пен достық, сыйластық сияқты тағы басқа адамгершілік құндылықтары ғасырлар бойы насихатталып, күні бүгінге дейін өз маңызын жоймай келеді. Керісінше бүгінде арттыруды қажет етуде. Әсіресе адам баласының ішкі рухани қажеті, Абай айтқан жан құмарлығы адамгершіліктің негізгі формасы саналатын – сенім, білім, сүйіспеншілік пен үміт ұғымдарының аса қажеттілігі байқалады.

Абай Құнанбайұлы өзі өмір сүрген заманда халықты дұрыс сенім, білімге, шынайы сүйіспеншілік пен сыйластыққа, үміт пен шыдамдылыққа, сондай-ақ ең баста әрбір адамды өзін өзі дұрыс тани білуге шақырғанын оның бізге жеткен шығармаларынан аңғарамыз. Ал Абай шығармаларының мұсылмандық дүниетаныммен, діни мәтіндермен сабақтасып, мазмұндасып жататындығына біз Абайдың жетінші сөзінде айтылған ой-толғамдарды талдау барысында тағы да бір көз жеткіздік дей аламыз.

Әдебиеттер

- 1 Абай. Энциклопедия / бас ред. Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
- 2 Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995. – 384 б.
- 3 Алтай Х. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. – Алматы, 2000. – 476 б.
- 4 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том. / Құраст. Б. Әбілқасымов, С. Бизақов, Ә. Жүнісбеков және т.б. – Алматы: Арыс, 2007. – 752 б.
- 5 Қайдар Әбдуәлі. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – Т.1 – 784 б.
- 6 Раев Д.С. Қазақ шешендігі философиясы. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.
- 7 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том. / Құраст. А. Үдербаев, О. Нақысбеков, Ж. Қоңыратбаева және т.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2010. – 752 бет.
- 8 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. / Құраст. Б. Момынова, Б. Сүйерқұлова, А. Фазылжанова және т.б. – Алматы: Арыс, 2007. – 752 б.

References

- 1 Abay. Ensiklopedia / Bas red. R.N. Nurgaliev. - Almaty Atamura, 1995. - 720 bet.
- 2 Altai H. Quran Karim Qazaqsha magyna zhane tusinigi. - Almaty, 2000. - 476 bet.
- 3 Qazaq adebi tilinig sozdigi. 15 tomdyq. 5 tom. / Qurast. B.Abyqasymov, S.Bizaqov, A.Zhunisebekov zhane t.b. - Almaty: Arys, 2007 –752 bet.
- 4 Abay. Qalug elim qazagym: Shygarmalary. - Almaty Zhalyn, 1995.- 384 bet.
- 5 Qaidar Abduali. Qazaqtar ana tili aleminde (etnolingvistikalıyq sozdik) Adam. - Almaty: Daik-Press, 2009. 1 tom -784 bet.
- 6 Rayev D.S. Qazakhq sheshendigi filosofiyasy. – Almaty. Qarasay, 2011. - 264 bet.
- 7 Qazaq adebi tilinig sozdigi. 15 tomdyq. 12 tom. / Qurast. A.Uderbaev, O.Naqysbekov, Zh.Qogyratbaeva zhane t.b.- Almaty: “Qazaq ensiklopediyasy”, 2010. - 752 bet.
- 8 Qazaq adebi tilinig sozdigi. 15 tomdyq. 7 tom. / Qurast. B.Momynova, B.Suierqulova, A.Fazylzhanova zhane t.b. - Almaty: Arys, 2007 –752 bet.